



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 18 сәуір

Д. Ақышев - Ұлттық Банк Үкіметпен бірлесіп ел экономикасын дамытудың нақтыланған болжамдарын келісті

Ұлттық Банк Үкіметпен бірлесіп ел экономикасын дамытудың нақтыланған болжамдарын келісті. Ұлттық Банк инфляциялық таргеттеу саясатын және теңгенің еркін өзгермелі айырбастау бағамы режимін өткізуін жалғастырады. Бұл туралы бүгін Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев «2018-2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» ҚР Заңына өзгерістер енгізу туралы» Заң жобасын қарау бойынша ҚР Парламенті Мәжілісінің отырысында баяндама жасаған кезде айтып берді.

Ол Ұлттық Банктің негізгі басымдығы баға тұрақтылығын қамтамасыз ету және жылдық инфляцияны нысаналы дәлізде ұстап тұру екендігін атап өтті. Экономика тұрақтылығын қамтамасыз етудің негізгі факторларының бірі мемлекеттің ақша-кредит және фискалдық саясатын үйлестіру болып табылады.

«Инфляция ағымдағы жылғы 1-тоқсанда 1,8% болды, бұл өткен жылғы осыған ұқсас деңгейден төмен. Наурызда оның жылдық деңгейі 6,6% болды, бұл 2018 жылға белгіленген 5-7% дәлізге сәйкес келеді. Қолайлы үрдістер және орта мерзімді болжамдар ақша-кредит саясатын жеңілдетуге ықпал етті. 16 сәуірде базалық мөлшерлеме 9,25%-ға дейін төмендетілді. Бұл осы жылғы базалық мөлшерлеменің үшінші рет төмендеуі», - деді Д. Ақышев.

Сонымен қатар Ұлттық Банк басшысы баға тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды Ұлттық Банктің толық көлемде қабылдап жатқанын атап өтті. Баға тұрақтылығы экономиканың ұзақ мерзімді өсуі және халықтың әл-ауқатын көтеругі негізінде жатыр.

Д. Ақышев – Кредит беру нарығын жандандыру жалғасуда

Кредит беру нарығының жандануы жалғасуда. 2018 жылғы қаңтар-ақпанда банктердің экономикаға берген кредиттер көлемі өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 33%-ға ұлғайып, 1,7 трлн. теңгені құрады. Бұл туралы бүгін Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев «2018-2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» ҚР Заңына өзгерістер енгізу туралы» Заң жобасын қарау бойынша ҚР Парламенті Мәжілісінің отырысында баяндама жасаған кезде айтып берді.

Ол ұлттық валютадағы кредиттердің 9,3 трлн. теңге болғанын атап өтті. Кредиттер бойынша орташа алынған мөлшерлеме 14%-ға дейін төмендеді. Заңды тұлғаларға теңгедегі кредиттер бойынша мөлшерлеме 12,9%-ға дейін төмендеді. 2018 жылғы ақпанның соңында экономикаға кредиттердің көлемі 12,5 трлн. теңге болды.

«Депозит нарығында долларсыздандыру процестері жалғасуда. Депозиттер көлемі 16,9 трлн. теңге болды. Ұлттық валютадағы депозиттер 9,3 трлн. теңгеге жетті. Өсуі 1% болды. Шетел валютасындағы депозиттер 7,6 трлн. теңге болды. Төмендеу 8,6% болды. Шетел валютасындағы депозиттердің үлесі 2018 жылғы ақпанда 45%-ға дейін азайды. Екі

жыл бұрын долларландыру 70% болған», - деді Д. Ақышев.

**Д. Ақышев – 2018 жылдың басынан бастап
валюта нарығындағы ахуал тұрақты болып қалуда**

2018 жылдың басынан валюта нарығындағы ахуал тұрақты. Бірінші тоқсанда теңге бір АҚШ доллары үшін 318,31 теңгеге дейін 4,2%-ға нығайды. Бұл туралы бүгін Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев «2018-2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» ҚР Заңына өзгерістер енгізу туралы» Заң жобасын қарау бойынша ҚР Парламенті Мәжілісінің отырысында баяндама жасаған кезде айтып берді.

«Өткен аптада Ресейдің қор нарығының құлдырауы және рублінің әлсіреуі себебінен теңге бағамы құбылды. 9 – 11 сәуір аралығындағы 3 күн ішінде теңге 3,5%-ға әлсіреді және бір АҚШ доллары үшін 330,88 теңге болды. Ұлттық Банктің қалыптасып отырған ахуалға әсері бейтарап болғанын атап өтемін», - деп түсініктеме берді Д. Ақышев.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 70 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz